

## Кәсіптік-техникалық училище оқушыларын материалдық қамтамасыз ету туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 30 мамыр N 573. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.06.04. N 920 қаулысымен. ~P970920

Кәсіптік-техникалық училище оқушыларын материалдық қамтамасыз етудің қолданылып жүрген шартын ретке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

#### 1. Былай деп белгіленсін:

10 ай және одан да көп мерзім оқитын кәсіптік-техникалық училищенің оқушылары заттай норма бойынша тамақпен N 1 қосымшаға сәйкес қамтамасыз етіледі.

Кәсіптік-техникалық училище директорларының оқушыларды тамақпен қамтамасыз ете алмаған төтенше жағдайда отбасында тұратын оқушыларға оқушылардың және олардың ата-аналарының өтініші бойынша тамақтың орнына тамақ рационының белгіленген құны мөлшерінде, сауда үстемесін есептемегенде, ақшалай өтемақы беруге құқы бар. (Оқушылардың дәлелсіз себеппен қалған күндеріне ақшалай өтемақы төленбейді).

#### Мұнан бөлек:

- өндірістік практика кезінде - сауда үстемесімен бірге;
- демалыс, мереке және басқа күндері - сауда үстемесінсіз;
- каникул кезінде - оқу кезіндегі тамақ құнының 60 проценті мөлшерінде (сауда үстемесінсіз) тамақ орнына ақшалай өтемақы төленеді;
- оқу орны орналасқан жерде басқа жаққа барып практиканың барлық түрінен өткен кезде 10 айға дейінгі оқу мерзімімен күндізгі бөлімде оқитын кәсіптік-техникалық оқу орындарының оқушыларына, практикаға барар жолда және кері қайтуын қоса, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар қызметкерлері іссапарының әрбір күшіне байланысты қосымша шығынды өтеу үшін қолданылып жүрген заңмен белгіленген тәуліктік норманың 40 проценті мөлшерінде тәуліктік төленеді. Практикадан өтетін жерге бару және кері қайту жолы толық мөлшерде төленеді.

10 ай және одан да көп мерзім оқитын, тамақпен қамтамасыз етілетін кәсіптік-техникалық училищелердің оқушыларына, практикадан өтетін жерге бару және кері қайту уақытын қоса, өндірістік практикадан өткен кезде тамақ рационының құны сауда үстемесімен бірге төленеді. Сондықтан оқушылардың

аталған санатына өндірістік практика кезінде тәуліктік төленбейді. Бұл оқушылардың практикадан өтетін жеріне баруы мен кері қайту жолы толық мөлшерде төленеді;

10 ай және одан да көп мерзім оқитын, толық емес, аз қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан оқушылар кәсіптік-техникалық училище кеңесінің шешімімен N 2 қосымшаға сәйкес арнаулы киіммен, киіммен және аяқ киіммен қамтамасыз етіледі.

Арнаулы киіммен, киіммен және аяқ киіммен қамтамасыз етуге мүмкіндік болмаған жағдайда облыстық білім беру басқармалары (кәсіптік-техникалық білім беру) ведомстволық бағыныстағы кәсіптік-техникалық оқу орындарына белгіленген нормативтерге сәйкес арнаулы киімнің орнына төленетін ақшалай өтемақы мөлшерін айқындау құқын береді.

Мұнан бөлек, аталған санаттағы оқушыларға басшылық шешімімен бөлінген қаражат шегінде материалдық көмек көрсетіледі;

кәсіптік-техникалық училищелердің оқушыларына мемлекеттің есебінен оқулықтар мен оқу құралдары, ал ата-аналарынан бөлек тұратын оқушыларға бұлардың сыртында N 3 қосымшадағы белгіленген нормативтерге сәйкес жеке гигиена заттары беріледі;

осы қаулыда көзделген оқушыларды материалдық қамтамасыз етудің тәртібі мен шарты барлық министрліктердің және ведомстволардың қарауындағы кәсіптік-техникалық училищелердің оқушыларына таратылады.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мына шешімдеріне төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Жоғарғы, арнаулы орта және кәсіптік-техникалық оқу орындарының студенттері мен оқушыларын киіндіру және тамақтандыруға арналған шығындардың заттай мөлшері туралы" 1992 жылғы 28 тамыздағы N 720 (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 34, 521-бап) қаулысының 2 тармағынан және N 1-4 қосымшалардың атауынан "кәсіптік-техникалық училищелер мен", "Кәсіптік-техникалық училищенің",

"кәсіптік-техникалық училищелердің" сөздері алынып тасталсын;

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Оқушы жастарды әлеуметтік қорғау туралы" 1993 ж. 5 қаңтардағы N 9 (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 1, 15-бап) қаулысының 4 тармағынан "және кәсіптік-техникалық" сөздері алынып тасталсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің

1994 жылғы 30 мамырдағы

№ 573 қаулысына

№ 1 қосымша

Кәсіптік-техникалық училищенің бір оқушысына  
тағамның заттай мөлшері (азық-түліктің тәуліктік жиынтығы)

---

Азық-түліктердің аты	! Бір күнге азық-түліктер ! дің грамдық саны	
Бидай наны	280	
Қара бидай наны	170	
Макаронды өнімдер	20	
Жармалар	60	
Бұршақтар	8	
Бидай ұны	50	
Бидайдан кептірілген нан	10	
Крахмал	3	
Қант	75+5	конд.өнім
Ет	160	
Колбаса өнімдері	10	
Сорпалық азық түлік (жүрек, бауыр, бүйрек)		30
Балық	70	
Соның ішінде май шабақ	5	
Жұмыртқалар	28	(0,7 дана)
Сүт және сүт өнімдері	300	
Майлылығы орташа сүзбе	60	
Майлылығы 30 процент қаймақ	15	
Ірімшік	15	
Сары май	25	
Соның ішінде салыммен	20	
Маргарин	30	
Өсімдік майы	15	
Картоп	300	
Көкөніс	350	
Томат езіндісі	10	
Балауса жеміс немесе қойыртпақ шырын		85
Кептірілген жемістер	15	
Кофе сусыны	2	
Шәй	2	

Какао	1
Дәмдеуіштер	2
Тұз	10
Ашытқы	1

Ескерту:

Өндірістік практика, демалыс, мейрам және оқушылар отбасында өткізетін басқа да күндері (ата-аналар мен оқушылардың өтініші бойынша) кезеңінде ыстық тамақ жоқ болса, тағамның орнына алынған ыстық тағамның орны толтырылмаған күн мөлшерінде белгіленген тәртіппен толық немесе ішінара (егерде бір-екі рет тамақтанған жағдайда) ақшадай төленеді.

## Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 30 мамырдағы  
N 573 қаулысына  
N 2 қосымша

Кәсіптік-техникалық училищелердегі бір оқушыға  
белгіленген арнаулы киім, аяқ киім және іш киімдерді  
берудің, әрі оларды кию мерзімінің нормалары

Бұйымдардың аты ! Өлшем ! Беретін мөлшерлер ! Кию мерзімдері  
! бірлігі-----! жыл есебімен  
! ! балаларға ! қыздарға !

Жылы балон курткасы	дана	1	1	2 жыл
Балаларға қалың жүннен костюм-тройка	&gt;&gt;	1	-	2 жыл
;Қыздарға қалың жүннен костюм-тройка	&gt;&gt;	-	1	2 жыл
;Қыздарға кеудеше	&gt;&gt;	-	1	1 жыл

;Балаларға көйлек	&gt;&gt;	1	-	1 жыл
;Қыздарға кеудеше және белдемше	&gt;&gt;	-	1	1 жыл
;Балаларға мақта матадан костюм	&gt;&gt;	1	-	1 жыл
;Бөтеңке (қыздарға туфли) жұп		1	1	1 жыл
Жылы етік (қонышы қысқа етік)	&gt;&gt;	1	1	1 жыл

Ескерту:

Оқу орындарының басшыларына аталған киім тізбесіне оның құнының шегінде жекелеген өзгертулер енгізу құқы беріледі.

## Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 30 мамырдағы  
N 573 қаулысына  
N 3 қосымша

### Кәсіптік-техникалық училищелердің ата-анасынан бөлек тұратын әр оқушысына арналған жеке гигиена заттарының нормативтері

Жеке гигиена заттарының аты	!	Өлшем ! бірлігі	!	Мерзімі ! (қанша ! айға)	!	Саны
Жеке қолдану үшін сабын		граммен	1	150	200	
Моншада шомылу үшін сабын		граммен	1	100	100	
Тіс щеткасы		дана	3	1	1	
Тіс сықпасы		дана	1	2	2	
Тіс ұнтағы		граммен	1	100	100	

Гигиеналық қажеттілік үшін мақта	граммен	1	-	250	
Тарақ	дана	6	1	1	
Тұрмыстық бөлмедегі киім щеткасы	дана	6	25 оқушыға	1 дана	
		есебінен			
Жеке	дана	3	1	1	
Кір жууға арналған ұнтақ	граммен		1	250	250
Оқу өндірістік шеберхана үшін сабын	граммен	1	100	100	